**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «БАЛАПАН» БӨБЕКЖАЙ – БАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ**

**БҰЙРЫҚ № 88-Ө/Қ**

**Құлан ауылы** **29 тамыз 2025 жыл**

**Педагогикалық кеңес, меңгеруші алдындағы кеңес,**
**әдістемелік кеңес, өндірістік кеңес**
**комиссия құрамдарын бекіту**

2025 жылдың 29 тамыз айындағы №1 Педагогикалық кеңестің шешімі негізінде БҰЙЫРАМЫН:

**1.Педагогикалық кеңес мүшелері төмендегі құраммен бекітілсін.**
Педагогикалық кеңес төрайымы:Шамшиева Р. О меңгеруші
Мүшелері:
1.Агыбаева С әдіскер
2.Мырзабаева В кәсіподақ ұйымының төрайымы
3.Мусабекова Г тәрбиеші
4.Егембердиева А тәрбиеші
Хатшы: Телеңді Н

**2.Меңгеруші алдындағы кеңес мүшелері төмендегі құраммен бекітілсін.**
Комиссия төрайымы : Шамшиева Р.О меңгеруші
Мүшелері:
1.Агыбаева С әдіскер
2.Сарсенбаева А тәрбиеші
3.Жұмабекова Г логопед
4.Аманкулова Ж тәрбиеші
Хатшы: Секербекова Ж

**3. Әдістемелік кеңес мүшелері төмендегі құраммен бекітілсін.**
Комиссия төрайымы: Шамшиева Р.О меңгеруші
Мүшелері:
1.Агыбаева С.К, әдіскер
2.Канатова М тәрбиеші
3 Тыныштбек А тәрбиеші
4.Раева А тәрбиеші
Хатшы: Жұмабекова Г – логопед;

**4.Өндірістік кеңес мүшелері төмендегі құраммен бекітілсін.**

Өндірістік кеңес төрайымы: Шамшиева Р.О меңгеруші
1. Мүшелері: Мырзабаева В кәсіподақ ұйымының төрайымы
2. Ағыбаева С әдіскер
3.Мырзабекова Қ тәрбиешінің көмекшісі
4.Даулбаева Г шаруашылық меңгеруші
Хатшы: Сулейменова С
5. **Шығармашылық топ мүшелері төмендегі құраммен бекітілсін.**
Шығармашылық топ төрайымы:Шамшиева Р. О меңгеруші
Мүшелері:
1.Ағыбаева С әдіскер
2.Зейноллаева Р музыка жетекшісі
3. Егембердиева А тәрбиеші
4.Копбаева Э тәрбиеші
5.Мырзабаева В тәрбиеші
Хатшы: Мырзахметова А – тәрбиеші
**6.Ата-аналар жиналысының хатшысы бекітілсін:**
1. Зейноллаева Р - музыка жетекшісі

**«Балапан» бөбекжай - бақшасының**
**меңгерушісі** **Р.О Шамшиева**

**Бұйрықпен таныстым:**______________________________
(А.Т.Ә., колы,күні,айы, жылы.)
Ағыбаева С
Төленді Н
Мусабекова Г
Егембердиева А
Сарсенбаева А
Аманжолова Ж
Мырзабекова Қ
Даулбаева Г
Сулейменова С.
Канатова М
Зейноллаева Р
Секербекова Ж
Жұмабекова Г
Тынышбек А
Мырзабаева В
Раева А
Мырзахметова А

Бекітемін
«Балапан» бөбекжай- бақшасының
меңгерушісі __________ Р.О.Шамшиева
29 тамыз 2025 жыл

## «Балапан» бөбекжай-бақшасы МКҚК 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік кеңес жоспары

**Мақсаты:**
Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің әрбір педагогының педагогикалық қызметінің жеке-қайталанбас және тиімді жүйесін қалыптастыру және дамыту, мектепке дейінгі ұйым мақсаты мен жылдық міндеттерін шешуде жағдай жасау.

**Міндеттер:**
- педагогтардың авторлық және әдістемелік жұмысын дамытудың басым бағыттарын анықтау;
- әдістемелік өнімдерді жетілдіру, сараптау бойынша ұсыныстар мен ұсыныстарды дайындау;
- озық педагогикалық тәжірибені жалпылау және тарату; жарияланымдарды дайындау;
- педагогикалық инновациялар банкін қалыптастыру;
- білім беру процесін, бағдарламалар мен педагогикалық жаңа технологиялар мен әдістерін, педагогикалық қызметкерлердің шеберлігін жетілдіру.

| № | Қаралатын мәселелер | Өткізу формасы | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| | **Қыркүйек №1**<br>**Тақырыбы:** «Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарын талқылау, өзгерістер енгізу, толықтыру»<br>**Жүргізілу түрі:** Дөңгелек үстел | | |
| 1. | Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары,<br>- перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;<br>- өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;<br>- портфолио жинақтау;<br>- жеке бағдарламалар, шығармашылық жобалар дайындау | | Әдіскер С.К.Агыбаева |
| | «Заттық кеңістік дамытушы ортаны мазмұны» бақылау қорытындысы<br>Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша бастапқы мониторинг | | Әдіскер С.К.Агыбаева |
| | «Құлпынай» кіші топтарының балаларының бөбекжай-бақшаға бейімделуі.<br>Жауапты Педагог-психолог С.О.Сулейменова | | |
| | Ағымдағы мәселелер. | | Жауапты Әдіскер С.К.Агыбаева |
| | **Ақпан №2**<br>**Тақырыбы:** «Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру»<br>**Жүргізілу түрі:** іскерлік ойын | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1. | №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы Әдіскер | Әдіскер С.К.Агыбаева |
| 2 | Коммуникативті ойын «Сіз менің жақсы көретінімді әлі білмейсіз» (2-3 мин) | Педагог-психолог С.О.Сулейменова |
| 3 | «Педагогтардың шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыстарды жүргізу» талдау | Әдіскер С.К.Агыбаева |
| 4 | «Ойыншық орталығы және кітап орталығын тексеру» талдау | Шығармашылық топ |
| 5 | Жеке даму жұмысын жүргізудің қорытындысы | Әдіскер С.К.Агыбаева |
| 6 | Коммуникативті дағдыларды дамыту бойынша атқарылған жұмыстарды талдау | Әдіскер С.К.Агыбаева |
| 7 | «Аралық мониторинг жүргізудің қорытындысы» талдау | Әдіскер С.К.Агыбаева |
| 8 | Ағымдағы мәселелер. | Әдіскер С.К.Агыбаева |

**Мамыр №3**
**Тақырыбы:** «Жылдық оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы»
**Жүргізілу түрі:** әдістемелік диалог

| | | |
|---|---|---|
| 1. | №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы Әдіскер | Әдіскер С.К.Агыбаева |
| 2 | «Күн тәртібінің орындалуы Мәдени-гигиеналық машықтарын қалыптастыру» | Әдіскер, шығармашылық топ |
| 3 | Балалардың мектепке оқуға дайындығы | Педагог-психолог С.О.Сулейменова |
| 4 | Оқу жылының жұмыс қорытындысы нәтижесінде марапаттауға ұсынатын педагогтар тізімін тұрғысын қарау | Әдістемелік кеңес |

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «БАЛАПАН» БӨБЕКЖАЙ – БАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ**

**Әдістемелік кеңес**
**Хаттама №1**
**19.09.2025 ж**

**Қатысқаны: 18** **Себепті: -1**
**Қатыспағаны: -** **Себепсіз:-**

**Тақырыбы:** «Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарын талқылау, өзгерістер енгізу, толықтыру»
**Өткізу түрі:** Дөңгелек үстел

**Күн тәртібінде:**
**Тақырыбы:** «Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарын талқылау, өзгерістер енгізу, толықтыру»
**Жүргізілу түрі:** Дөңгелек үстел
Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары,
- перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
- өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
- портфолио жинақтау;
- жеке бағдарламалар, шығармашылық жобалар дайындау
«Заттық кеңістік дамытушы ортаны мазмұны» бақылау қорытындысы
Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша бастапқы мониторинг
Жауапты Әдіскер С.К.Атыбаева
«Құлыншақ» кіші топтарының балаларының бөбекжай-бақшаға бейімделуі.
Жауапты Педагог-психолог С.О.Сулейменова
Ағымдағы мәселелер. Жауапты Әдіскер С.К.Атыбаева

Тыңдалды:
Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылында педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары,:
- перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
- өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
- портфолио жинақтау;
- жеке бағдарламалар, шығармашылық жобалар дайындау.
Сөйледі: әдіскер С.К.Атыбаева 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен таныс және өзгерістерді қарастыру бойынша биылғы оқу жылында тәрбиешілердің педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары, жаңа оқу жылына дайындығы. МДҰ-да тәрбиелеу-білім беру

процесін ұйымдастыру үшін алдымен тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз және жайлы ортаның құрылуына ерекше назар аудару қажет.

1. 2025-2026 оқу жылының негізгі ерекшеліктері :

Жаңа оқу жылында Қазақстан Республикасының заңнамасына, Мемлекет басшысының және Үкіметтің тапсырмаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдамасының негізгі ережелеріне, білім беру саласының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде жұмыстың мынадай бағыттары өзектендірілді:

*МДҰ мен мектепалды топтарда балалардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету;

оқыту басқа тілде жүргізілетін мектепке дейінгі ұйымдарда «Тілге бойлау» бағдарламасын жаппай іске асыру;

*«Жасыл балабақша» желісін кеңейту - экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру;

* Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын жетілдіру. Мобильді консультациялық пункттер бойынша «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру;

* «Бесіке дейін үлгер» ата-аналарға арналған мобильді қосымшасын қолдану арқылы балаларды тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарды ағарту;

* ауылдық жерлерде Құзыреттілік орталықтары желісін кеңейту және Құзыреттілік орталықтары - жеке мектепке дейінгі ұйымдар санын ұлғайту; әдістемелік орталықтар (кабинеттер) жанында мобильді топтардың қызметін жетілдіру;

*«Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша жазғы кезеңде мектепалды даярлықты ұйымдастыру.

Үлгілік қағидаларға сәйкес МДҰ өз қызметін келесі кезеңдер бойынша жүзеге асырады:

* 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – оқу жылы *(Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру мерзімі)*;

* 1 маусымнан 31 тамызға дейін - жазғы сауықтыру кезеңі.

Тәрбиелеу-білім беру процесі:

- перспективалық жоспарға;
- циклограммаға сәйкес жүзеге асады.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін педагог ұйымдастырылған іс-әрекеттің Перспективалық жоспарын *(бұдан әрі - Перспективалық жоспар)* әзірлейді, апта сайын тәрбиелеу-білім беру процесінің Циклограммасын (*бұдан әрі - Циклограмма)* Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттар тізбесінің Қосымшасына сәйкес құрады.

Перспективалық жоспарды Үлгілік жоспарлар мен Үлгілік бағдарламаға сәйкес жас тобында жұмыс істейтін педагогтермен, тәрбиешілермен *(қазақ тілі мұғалімімен, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен)* бірлесіп, жасайды. Перспективалық жоспарда оқу жылына арналған міндеттер бөлінеді, олар Үлгілік бағдарламаның мазмұнын балалардың меңгеру деңгейіне байланысты қайталануы, толықтырылуы, түзетілуі және өзгертілуі мүмкін.

Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Циклограмманың құрылымы МДҰ-ның күн тәртібіне сәйкес құрылады.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;
- бағдарламалық материалды бөлуде жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтау;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы дамытушы орта құру.

«Балаларды қабылдау», «Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру», «Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)», «Ертеңгілік жаттығу», «Таңғы ас», «Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық», «Серуенге дайындық», «Серуен», «Серуеннен оралу», «Түскі ас», «Күндізгі ұйқы», «Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)» бөлімдерін толтыру кезінде түрлі балалар әрекеті қайталанатын жағдайда аптаны күндерге бөлмей циклограмманы тұтас жоспарлауға болады.

Циклограмманың «Ұйымдастырылған іс-әрекет» бөлімін құрастыруда алдымен тақырыбы жазылады, егер болған жағдайда, ал тақырып болмаған кезде балалар іс-әрекетінің түрлері жазылады. Содан кейін Перспективалық жоспарда айқындалған міндеттерді іске асыру үшін әр күнге кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері айқындалады.

«Балалармен жеке жұмыс» бөлімінде балалар іс-әрекетінің түрлері аптаның әр күніне жоспарланады.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу кезінде педагог түсіндіруге уақытты көп бөлмей, оның орнына көрсетуге, балалардың әрекеттерді орындауына (*іс-әрекеттерге, ойындарға, пікір алмасуға, зерттеулерге, шығармаларға, сурет салуға, шешім шығаруына*) мән беруі қажет.

Педагог әрекетінің алгоритмі:

- балаларға айтып беру;

- балаларға көрсету;
- балалармен бірге орындау.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді барлық топпен де, шағын топтармен де қызығушылық орталықтарында, тек топ бөлмесінде ғана емес, сондай-ақ жатын, қабылдау бөлмелерінде, арнайы кабинеттерде *(бар болған жағдайда)*, дәліздерде, ойын алаңдарында және т.б. балаларға қауіпсіз, жайлы жағдайларда өткізу ұсынылады.
Сонымен қатар, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктірілген әрекет түрінде өткізуге болады, онда тақырып балалардың қызығушылықтарын ескере отырып таңдалады және оны жүзеге асыру үшін қажетті материалдармен қамтамасыз етіледі. Мысалы, балаларға табиғи және қалдық заттар, көлемді қағаздар, қаламдар, бояулар, желім, конструкторлар және басқа материалдар ұсынуға болады. Балаларға заттар мен құралдарды зерттей отырып, бір-бірімен сөйлесу, туындаған мәселелердің бірге шешімін табу арқылы тапсырмаларды өзбетінше орындауға мүмкіндік беру қажет. Білім беру процесі педагог тарапынан сұрақтар қойылып, сол сұрақтарға жауап алумен ғана шектелмеуі, балаларға пікірлерін еркін айтуға ықпал етуі қажет.
*Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу*
*бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу*
Мониторинг түрлі жас топтарының Үлгілік бағдарламада айқындалған күтілетін нәтижелерге педагогтің қол жеткізу деңгейлерін және педагогтің баламен жеке жұмыс жүргізуде алдағы әрекетін анықтауға мүмкіндік береді.
Мониторинг жүргізуде *педагог:*
- Стандарт талаптарын;
- Үлгілік бағдарламаның мазмұнын;
- мектепке дейінгі педагогика мен психология әдістерін;
- Бақылау парақтары мен Жеке картаны толтыру тәртібін сақтау қажет.
- мониторинг жүргізу әдістерін (*бақылау, ойын жағдаяттарын құру, ойын, әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, бейнелеу әрекеті нәтижелерін зерттеу*);

- МДТО үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін есептеу әдістерін;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды *меңгеру қажет.*
коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық біліктері мен дағдыларының қалыптасу деңгейін көрсетеді:
1) дене тәрбиесі (*ерекше балалар үшін бейімделген дене тәрбиесі*);
2) жүзу *(жүзу бассейні болған кезде)*;
3) тіл дамыту;
4) көркем әдебиет;
5) сауат ашу негіздері;
6) қазақ тілі;
7) сенсорика;

8) математика негіздері;
9) құрастыру;
10) қоршаған әлеммен таныстыру;
11) сурет салу;
12) мүсіндеу;
13) жапсыру;
14) музыка.

*Мониторинг нәтижелерін алу әдістері:*
- түрлі балалар әрекеті кезінде балаларды бақылау (ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойындар кезінде);
- балалармен әңгімелесу;
- балалардың салған суреттерін, қолдан жасаған бұйымдарын талдау және басқалар арқылы.
*Жетекші әдіс* – бақылау, педагог баланың дамуын табиғи жағдайда, күнделікті өмірде қадағалайды.
Мониторинг *оқу жылында 3 рет*:
- бастапқы – қыркүйекте;
- аралық – қаңтарда;
- қорытынды – мамырда жүргізіледі.

Мониторинг жүргізу ерте жас тобында аралық, ал басқа жас топтарында бастапқы бақылаудан басталады. Ерте жас тобы Үлгілік бағдарламаның мазмұнын алғаш рет игеріп отырғандықтан, бастапқы бақылау жүргізілмейді.
Басқа топтар *(сыныптар)* үшін бастапқы бақылау алдыңғы жастың Бақылау парақтарымен жүргізіледі *(мысалы, ересек топ үшін ортаңғы топтың бақылау парақтары қолданылады)*. Ал аралық және қорытынды бақылау жүргізу үшін сол жасқа сәйкес бақылау парақтары қолданылады.
МДҰ таңдаған бағыты бойынша вариативтік оқу бағдарламасын іске асыру барысында Үлгілік бағдарламаның мазмұны бойынша балалардың дағдыларының даму деңгейін анықтау мақсатында өткізілетін мониторинг сияқты вариативтік бағдарламаның күтілетін нәтижелері бойынша мониторинг жүргізіледі.
Ол үшін мониторинг жүргізілетін күтілетін нәтижелерге сәйкес вариативтік мазмұнның жоғары, орташа, төмен деңгейлері бойынша критерийлері мен индикаторлары бар бақылау парағы әзірленеді.
Мониторинг нәтижелері бойынша топ тәрбиешісі, мектепалды сыныптың 14 педагогі жас тобында жұмыс істейтін басқа педагогтермен *(қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысы, музыкалық жетекші)* бірлесіп, оқу жылына Жеке даму картасын толтырады. Жеке картада критерийлер бойынша орташа және төмен деңгей көрсеткен балалармен дамыту және/немесе түзету шаралары жазылады. Критерийлер бойынша жоғары деңгей көрсеткен балаларға Жеке карта толтырылмайды.
Бастапқы мониторинг нәтижелері бойынша шаралар *(дамытушы, түзету)* қазан-желтоқсан, аралық мониторинг нәтижелері бойынша шаралар

аптан- сәуір, қорытынды мониторинг нәтижелері бойынша шаралар маусым-шілде айларында жүргізіледі.
Қорытындыға Үлгілік бағдарламада белгіленген күтілетін нәтижелерге сәйкес баланың даму деңгейі көрсетіледі.
Оқу жылының соңында Үлгілік бағдарламада айқындалған күтілетін нәтижелерге сәйкес Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру деңгейінің қорытынды мониторингін ескере отырып, барлық жас топтары мен мектепалды сыныптарының педагогтері Ұлттық білім беру деректер қорында (ҰББДҚ) іске асырылған Жеке картаны толтырады.
Сонымен қатар, «Балақайлар мектебі» мектепалды даярлықпен қамтылмаған балаларға арналған бағдарламаны меңгеру қорытындысы бойынша педагог бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін көрсететін Жеке картаны толтырады.
Мектепалды топ/сынып және «Балақайлар мектебі» түлектерінің Жеке картасы орта білім беру ұйымдарында оқытудың барлық деңгейлерінде баланың одан әрі даму деңгейін қадағалау үшін бастауыш мектепке беріледі.
МДҰ жанындағы консультациялық пункттердің қызметі аясында жүргізілетін жұмыстың маңызды бағыты – тұрақты негізде балабақшаға бармайтын балалардың жеке дамуын сүйемелдеу болып табылады. Бұл процесте Жеке картаны толтыру негізгі рөл атқарады және оны педагог пен ата-ана бірлесіп жүзеге асырады, бұл
баланың даму деңгейін кешенді бағалауға, қажеттіліктерін анықтауға және бірінші сынып мұғалімінің одан әрі сүйемелдеу тәсілдерін айқындауға мүмкіндік береді.

Шешім:
Перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг 2025-2026 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хат талаптарына сай толтырылсын.
Әр педагог өз білімін көтеру тақырыбы аясында жан-жақты жұмыстарды жүргізуді жалғастырсын.
3. Аттестациядан өтетін педагогтар портфолио жинақтасын.
4. Педагогтар жеке бағдарламалар, шығармашылық жобалар дайындасын.

2.Тыңдалды: «Заттық кеңістік дамытушы ортаны мазмұны» бақылау қорытындысы
Сөйледі: Әдіскер С.К.Алыбаева .
Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, Дамытушы білім беру ортасын құру МДҰ-да тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін алдымен тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортаның құрылуына ерекше назар аудару қажет.
Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес МДҰ-ның негізгі міндеттері:
- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;

- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау.

МДҰ балалардың күні бойы қауіпсіз болуының алдын алу үшін:
- тәрбиелеу-білім беру процесіне тиісті бақылауды қамтамасыз ету,
- басшының қызметкерлердің әрекетіне бақылауды күшейту,
- алдын алу шараларын уақтылы жоспарлау;
- баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды болдырмау үшін тиісті шаралар қабылдау ұсынылады.

Тәрбиеленушілердің эмоционалдық және физикалық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың әрекет түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады.

Дамытушы ортаны құруға ұсынымдар:
- Үлгілік бағдарламаны және білім беру (*вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша*) бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз етуі;
- балалардың жастарына сәйкес болуы;
- барлық топтық бөлменің үй-жайлары, кабинеттер, ойындар мен ойыншықтар, материалдар, құралдардың тәрбиеленушілер, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қолжетімді болуы;
- қолайлы эмоционалды жай-күйін қолдау үшін балалардың оңаша ойнауына орынды жабдықтау;
- ересек пен баланың бірге әрекет етуі үшін (*заттар мен ойыншықтар, кітаптар, материалдар, құралдардың балалардың жасына және Үлгілік бағдарламаның мазмұнына сәйкес болуы*) қанық, мазмұнды болуы;
- әртүрлілік (*барлық тәрбиеленушілердің ойын, шығармашылық, зерттеу, танымдық әрекеттері мен қимыл белсенділігін соның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытуға, қимылды ойындар мен жарыстар ұйымдастыруға, балаларға қолжетімді материалдармен соның ішінде құммен, сумен эксперимент жасауға жабдықтардың (топта, дәлізде, ойын алаңында да болуы*);
- балалар әрекеті түрлерінің вариативтілігі;
- көпфункционалдылығы (*балалар жиһаздары, жұмсақ модульдер, театрландырылған қойылымдарға арналған шымылдық, топта табиғи материалдардың болуы*);
- өзгермелі (*балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне және тәрбиелеу-білім беру процесінің мазмұнына сәйкес ортаны өзгерту мүмкіндігі*) болуы.

Топтық бөлмелерде мынадай қызығушылықты орталықтарын құруға болады:
- ұлттық құндылықтар;
- сюжетті-рөлдік ойындар;
- театрландырылған ойындар;
- оңаша ойнауына орын;

- кітап бұрышы;
- құрастыру және робототехника;
- табиғат және ғылым;
- шығармашылық;
- мамандықтар және т.б..

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану.
Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында және мектептердің мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру ұсынылады .
Дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны - балалардың заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және күні бойы немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, олардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта.

Шешім: Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптарды орындау.

3. Тыңдалды: Бастапқы мониторинг жүргізудің қорытындысы.
Сөйледі: Әдіскер С.К.Агыбаева. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу барысында мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Индикаторлар – білім беру салалары бойынша баланың жасына сәйкес күтілетін нәтижелерге жету көрсеткіштері. Күтілетін нәтижелер баланың әр жас топтарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған. Баланың күтілетін нәтижелерге жетуі педагогтың баланың дамуын үнемі бақылауы яғни диагностика арқылы іске асырылады. Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылады. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді.
Шешім: Бастапқы мониторинг жүргізудің қорытындысын анықтау.

4.Тыңдалды: Кіші жастағы балалардың бейімделу деңгейі.
Сөйледі: Психолог С.О.Сулейменова жаңадан келген балалардың бейімделуіне жағдай жасау. Көптеген балалар балабақшаға 2, 3 жастан бастап бара бастайды. Кейбіреулері үшін үй жағдайынан басқа ортаға ауысу

қиындық тудырмай таныс адамдарымен, ойыншығымен оңай ажыраған келесі бір ортаға тез үйреніспп жатса, ал кейбіреулері үшін үлкен күйзеліс тудырады. Мұндай күйзелістер олардың мінез- құлығындағы өзгерістерге, көңіл күйінің болмауына, одан әрі күйбелсенушілікке, жүйке жүйесінің бұзылуына әкеліп соғады.

Кез келген балаға алғаш рет балабақшаға бару – үлкен күйзеліс. Бұған дайын деген баланың өзі жаңа ортаға үйрену барысында дағдарысқа ұшырайды. Әрине қасында өзі үйренген жақындарының болмауы, әрқашан қорғайтын ата-анасының жанынан табылмауы, мүлдем бұрын көрмеген балалардың болуы, танымайтын ересектерді көруі және оларды тыңдау, өздеріне жат ыдыстан тамақтануы, үйренбеген төсекке жатуы – осының бәрі оған мүлдем жат. 2-3 жастағы нәресте ойыншықпен ойнауға, басқа баламен тіл табысуға немесе түсінуге, қалағанын сұрауға, ойын жеткізуге, сезімін білдіруге қауқарсыз.Тәрбиешілер үшін де топқа жаңа балалардың келуі үлкен сын. Осы кезде балалардың арасында дұрыс көзқарас, достыққа негізделген берік орта қалыптастыру керек. Одан кейінгі талаптар, оқу үрдісі, жеке басына қызмет көрсету тағы басқасы толықтырылырылып отыратындықтан бала ортаға тез бейімделеді. Ата-анамен жұмыс баласын балабақшаға әкелместен бұрын басталуы қажет. Баласын тіркеу барысында ата-ана балабақшаға тәртібімен, баласына сол ортаға үйренуіне қандай көмек көрсету керектігін хабардар болуы қажет. Кейбір балабақшаларда психолог, тәрбиеші ата-аналармен әңгіме жүргізеді, кейбір кезде медбике, дәрігер немесе сол топтың тәрбиешісі сол іспен айналысады. Ата-аналар мен тәрбиешілер бейімделу кезеңінің ұзақтығы мен әсерін, әр түрлі жағдайлармен алдын ала танысулары керек. Топ тәрбиешісі біріншіден, балабақшаға келе бастаған балалардың психикалық дамуымен және физикалық деңгейі жағынан өздерінің қабілеті бойынша, әр түрлі болатынын кездестіре бастайды. Кейбір балалар 2 жас шамасында келеді және өздігінен еркін жүре алмайды, өздігінен тамақтана алмайды және ойнауды білмейді, балаларды жатырқайды, сонымен қатар анасын үнемі сағынады. Енді біреуі 3 жаста келеді және ие нәресте болсын икемді, бірақ балалар ортасына қалыптаспаған, итеріп және ұрып жіберуі де мүмкін. Осыған байланысты белгілі бір қысқа мерзімде барлығын, не болып жатқанын және олардан не талап етілетінін ұғатын бір деңгейдегі топты жинақтау қажет. Егер балалар тәрбиешіні түсіне алатын болса – оларды үйде үйретпеген немесе олар жасап үйренбеген іс-әрекеттерге баулу жеңілдік туғызады. Әрине, біріншіден, басты маңыздылықты әрқайсысына жекелей назар аудару керектігін, кім неге қабілетті, кімде қандай қиындықтар барын есте сақтау қажет. Бір мезгілде тәрбиеші балалардың бір-біріне назар аударып, есімдерін есте сақтап қалуына, мүмкіндігінше аттарын атай алуына және тәрбиешіге де солай айтқызуына жеткізу қажет. Бұл үшін танысуға бағытталған, есімдерін жаттауға арналған, сол сияқты әр баламен амандасу және сәлемдесу рәсімдеріне арналған ойындар бар.

Кейбір ата-аналар бірінші аптасында толық емес күнге балаларын бақшаға үйрену үшін түске дейін әкеледі, бала бақшаға үйрене бастағанда толық күнге қалдырылады. Осындай қысқа келдесулерден кейін бала ата-

анасыз қалуға, шамалы уақытқа, одан кейін уақыт созыла келе өз еркімен қалдыруға болады. Көрсеткендей, бесінші-оныншы күннен бастап, бала қалыптасады.

Жоғарыда айтылғандай, осындай қысқа кездесулер тек таңғы қыдырыста емес, кешке де болғаны дұрыс. Өйткені бала көбін танып, басқа топ балаларын қарап үлгереді және ең бастысы – барлығының ата-анасы оларды алып кететініне көз жеткізеді. Бала психологиялық тұрғыдан, ешкім балабақшада қалмайтынын, оларды ата-аналарының алып қайтатынын түсінуі керек. Кейбір балалар үйренбеген ортада тамақтанып, ұйықтай алмайды. Баланың топты ортада анасыз қалуы үшін санаулы күндер өтуі қажет. Мұндайда баланың өз ойыншығын алып жүруін қадағалаған жөн. Балаға төсек орнын алдын ала көрсетіп, басқалар да солай жататынын айту керек.

Ұсыныс : Кіші жастағы балалардың бейімделуіне жағдай жасау.

5. Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер

Сөйледі: Әдіскер С.К.Агыбаева алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Қазан айында ата-аналарға күз мезгіліне байланысты берілетін кеңестер ата-аналар бұрышына уақытылы ілініп, мәліметтер берілуін және қазан айында жоспарланған ата-аналарға арналған мерекелер мен ойын-сауықтар уақытылы өтілуі. Балаларға жол ережесін үйрету, балалармен өтетін спорттық сайысына тыңғылықты дайындалуларын, балабақша мен мектеп сабақтастығы, әрбір өткізген шараларының есебін уақытылы тапсырып отыруларын айтты. Алда келе жатқан күзгі ертеңгілік сценарилерін алып, оларды талқылауға ұсынды. Сонымен қатар №2 педагогикалық кеңеске ««Денсаулық сақтау технологиясы» дайындауда көмек беруді ұйымдастыруды ұсынды.

Әдістемелік кеңес төрайымы Р.О.Шамшиева

Хатшы: Г.Б.Жұмабекова

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «БАЛАПАН» БӨБЕКЖАЙ – БАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ**

**Әдістемелік кеңес**
**Хаттама №2**
**02.02.2026 ж.**

**Қатысқаны: 18** **Себепті: -1**
**Қатыспағаны: -** **Себепсіз:-**

**Тақырыбы:** «Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру»
**Өткізу формасы:** іскерлік ойын

**Күн тәртібінде:**
1.№1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы Әдіскер
2.Коммуникативті ойын «Сіз менің жақсы көретінімді әлі білмейсіз» (2-3 мин) Педагог-психолог
3.«Педагогтардың шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыстарды зерделеу» талдау Әдіскер
4. «Ойнайту орталығы және кітап орталығын тексеру» талдау Шығармашылық топ
5. Жеке даму жұмысын жүргізудің қорытындысы Әдіскер
6.«Коммуникативті дағдыларды дамыту бойынша атқарылған жұмыстар»талдау Меңгеруші
7. «Аралық мониторинг жүргізудің қорытындысы»талдау Әдіскер
8.Ағымдағы мәселелер. Әдіскер

**1.Тыңдалды:** №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
**Сөйледі:** Әдіскер С.К.Агыбаева тәрбие жұмысын жоспарлау педагог қызметінің жалпы жүйесіндегі маңызды буын болып саналады. Ойластырып жоспарлау оны дұрыс ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Жұмыс перспективаларымен белгіленеді, тәрбие жұмысының белгілі бір жүйесін жүзеге асыруға көмектеседі.Форма үшін ғана емес, жақсы жасалған жоспар педагогтың күнбе-күнгі тәрбие жұмысына көмектеседі. Педагог жоспар жасағанда балалармен тәрбие жұмысының негізгі міндеттерін мазмұнын, формалары мен әдістерін іріктеп алу үшін болып табылатын құжаттарды пайдаланады. Соңғы шыққан қаулы, бұйрықтар, оқу бағдарламасы, тәрбиеленушілерді тәрбиелеудің үлгі мазмұны, "нысанына " жатады. Педагог жоспар жасағанда еліміз үстіміздегі жылы атап өтетін маңызды оқиғаларды ескереді.

Тәрбиеші өз жұмысын жоспарлағанда бөбекжай-бақшаның жұмыс жоспарын басшылыққа алады. Бүкіл бөбекжай-бақшаның істері мен жоспарлары тәрбиешінің жұмысының бір бөлігі болып табылады.

Бөбекжай- бақшаның міндеті әр балаға жан-жақты дамуына қамқорлық жасау болып табылады. Оны орындау педагогтан жан-жақты күрделі жұмыс жүргізуді талап етеді.

Тәрбие жұмысындағы аса күрделі әр жақтылықты төрізді белгілі бір схемаға қалай сыйғызуға болады. Бұл педагог үшін оңай шаруа емес.

Жоспар жасау дегеніміз -тәрбие жұмысының бүкіл барысын, оны ұйымдастыру үшін жалпылай және ұсақ -түйініне дейін ойластыру және қағаз бетіне түсіру, оның нәтижелерін алдын ала көре білу. Негізгі міндетті орындаған педагог енді келесі бір негізгі міндетті-балалардың бойында кластастарын жақын білуге деген ынта туғызып, оларды өзара таныстыру арқылы класта жолдастық қарым-қатынас жасау міндетін алға қояды.

Ал бөбекжай- бақшаның негізгі жұмыстары ол күн тәртібі және циклограммаға негізделеді. Тәрбиешілерге күн тәртібі бойынша жұмыс жасау керек екендігін қадап айтты.

**Шешім:** Күн тәртібі қатаң сақталсын.

**2. Тақырыпты бақылау:** Коммуникативті ойын «Сіз менің жақсы көретінімді әлі білмейсіз» (2-3 мин)

**Сөйледі:** Педагог-психолог С.О.Сулейменова Коммуникативті ойын «Сіз менің жақсы көретінімді әлі білмейсіз» тақырыбында ойын жүргізді. Мектепке дейінгі кезең- адам миында ең көп синоптикалық байланыс орнатағын мерзім. Бұл кезеңде берілетін білім адам миында тасқа басқан таңбадай болып қалады және білім кейін де өзгеріске ұшырамайды. Жасалған зерттеулер бойынша, ақыл-ойдың табиғи жетілу мүмкіндігі басқа да ақпараттар арқылы 41 пайызға жетіліп, дамитыны көрсетілген.

0-6 жас аралығында ақыл-ой ұстап, сезу арқылы дамиды. Яғни, 0-6 жастағы балаларға білім беру, ұстап көрумен, кинестикалық үйрену әдістерімен берілуі керек. Қиып-жабыстыру секілді тәсілдер пайдалы болса да, ол аздық етеді.

Мектепке дейінгі кезеңде балаларға дамыту ойынды ұсынудағы мақсат-қарапайым өмірге қажетті қабілеттерді бойға сіңіруге бағыттау. Ойындар балалардың жас ерекшелігіне сай қол-көз аралығындағы координация, психомоторикалық, әлеуметтік қабілеттерін жан-жақты жетілдіретіндігіне қарай іріктелді.

Ойындар мазмұны тапсырмаларды жасап көру-қателесу арқылы мәселені шешудің әдіс-тәсілдерін жетілдіріп, өмірлік дағдыларды меңгеруге үлкен үлес қосады. Әсіресе, топ ішіндегі балалар өзін басқалармен салыстыру арқылы өз қабілетіндегі кемшілік тұстарын байқайды. Бұл ойындар білім берудегі негізгі мақсаттың бірі-рухани дүниені тәрбиелеуге үлкен септігін тигізеді.

Дамытушы ойын – бұл бала үшін ой деңгейінен өткен құбылыс, оған бала өз еркімен ойынға қатысып, жаңа тәжірибе алмасып, одан алған білімі оның жеке байлығы болады, сондықтан оны басқа жағдайларда қолдана алады. Алған тәжірибесі балаға өз ойында қолдануға мүмкіншілік беріп, оның шығармашылық ұсынысының дамуы.

Қиял – бұл барлық шығармашылық жұмыстың негізі. Баланың жалпы дамуы үшін қиялдың маңызы зор. Ерте жастан бастап балалардың ойында шығармашылық үрдіс көріне бастайды. Ойын бала үшін тек қана алғашқы әсер емес, сонымен қатар оның комбинациясы.

Қиялдың негізі өте күрделі болып табылады және сыртқы қабылдаулар, баланың тәжірибесінің негізін құрайды. Бұл әр түрлі қабылдау, тапсырмаларды шешу, құбылыстар және тағы басқалар жатады. Оған есту және көру қабілеті де жатады. Ең қиыны қабылдау. Сондықтан тәрбиелеуші баланың қиялын дамыту үшін оған көмек беруі керек.

Дамыту ойындарында балаға әдейі қиын жағдайларды тудырады, ол одан шығар жолды таба білу керек. Сол арқылы бала ойлау қабілетін арттырады.

Дамыту ойындар баланың бойындағы өзін-өзі ұстау және жинақылыққа үйретеді. Бұндай ойындардың шарттары бала басқалардың ойындағы қателігін көріп өзі жақсы ойнай бастайды. Ақырында ол дұрыс ойнап, ұстамды болып, әдептілік нормаларын ұғынады

Қорытынды: Дамыту ойындарында баланың еске сақтау қабілетін арттыру, ойлау қабілетінің жұмыс істеу және т.б., сондай-ақ белгілі бір әрекеттер жасау қажеттілігі, салыстыру, жалпылау, көрген-білгеніне жауап беру және сөйлеу қабілетінің қалыптасуы.

Баланың қалыптасуын ойын арқылы және жаттығу, тапсырмалар арқылы қатаң анықтауға болады.

Баланы мәселесі көп жағдайға әкелу. Оның іс-әрекеті жұмыс барысында өзіндік қанағаттандыруға әкелді, кейіннен ол сұрақтар тудырады, олардың өзіндік ғылымдық мағынасы болады.

3. Тақырыпты бақылау: «Педагогтардың шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыстарды зерделеу» талдау

**Сөйледі:** Әдіскер С.К.Агыбаева «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады» - деп К. Д. Ушинский айтқандай. Педагог үнемі ізденісте болу керек. «Балапан» бөбекжай-бақшасында 18 педагог және 1 меңгеруші қызмет атқарады. Оның ішінде екінші санатты басшы-1, педагог-зерттеуші-0, педагог-сарапшы-3, педагог-модератор 12. санатсыз 3 педагогтердің біліктілік санаты бар.

2025-2026 оқу жылында әдіскер Атыбаева Саламат Кушикбаевнаның «Балалардың тіл мәдениетін қалыптастыруда отбасымен бірлескен жұмыстың ролі» тақырыбына жазылған әдістемелік құрал облыстық білім басқармасына ұсынылып, облыс көлемінде таратылды.

Тәрбиеші Егембердиева Айнұр Джанабаевнаның «Мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуына бағытталған ойындар» тақырыбында әдістемелік құрал құрастыруда. Шығармашылық топ жоспары бекітіліп бұйрықпен рәсімделген. белгіленген жұмыс жоспары бойынша жұмыс жүргізілуде.

**Шешімі:** Шығармашылық жұмыстарын әрі қарай толықтырсын. Педагог-сарапшылар мен педагог-модераторлар , қазіргі кездегі мектепке дейінгі тәрбиені дамытуға қосар үлесі ретінде, бала тәрбиесіне көмегі бар шығармашылық тақырып бойынша , әдістемелік тәжірибе алмасу жұмысын дамыту назарға алынсын.

**4.Тақырыпты бақылау:** Шынығу орталығы және кітап орталығы жағдайы

**Сөйледі:** Денешынықтыру жетекшісі Ж.Б.Секербекова мен тәрбиеші Г.К.Мусабекова : Мектепке дейінгі кезеңде баланың зияткерлік, тұлғалық, эмоциялық дамуы жүзеге аса бастайды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты осы жас кезеңінде тұлғаның қалыптасуы үшін қажетті алғашқы білім, білік және дағдыларды қалыптастыру.Мектепке дейінгі ұйымдардың маңызды міндеті әр баланың шығармашылық қызметін қамтамасыз етуге, балаға өзін толық жетілдіруге және өзінің белсенділігін көрсетуге,балалармен дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы тәрбиелеу жұмысының дамытушы әсерін арттыруға және педагогикалық үдерісті жетілдіруге мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні мектепке дейінгі ұйымдарда шынығу және кітап орталығын құру арқылы балалардың денсаулығын нығайту, тәрбиелеу мен оқытуда отандық педагогика және психологияның бай тәжірибесі жинақталған, мектепке дейінгі және кіші жастағы балалар үшін дидактикалық құралдар және дамытушы ойыншықтар жүйесін құру.

Шынығу орталығы және кітап орталығын құру -бұл мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық даму, эмоциялық, әлеуметтік және зияткерлік дамуын қамтамасыз ететін жағдайлардың жүйесі.

Қоғамның қазіргі сұранысына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардағы ерте жас бөбекжай топтарына деген сұраныс артып келеді.Бұл сұранысты қамтамасыз ету дәстүрлі әдістер арқылы ғана емес, сондай-ақ заманауи тұжырымдамаларды қолдана отырып жүзеге асырылады. Ерте жастағы балаларды дамытуда пәндік-дамытушы орта маңызды фактор болып табылады. Бала толыққанды дамуы үшін балалар әлемді жарқын, қанық әсермен қабылдайтындай жағдай жасау қажет. Ерте жастағы балалар тобында пәндік-дамытушы ортаны құру баланың толыққанды дамуы үшін, жетекші іс-

әрекет түрлерін танымдық және нәтижелі іс-әрекет, заттық және сюжетті-бейнелі ойындарды іске асыру үшін қажетті жағдай болып табылады. Ерте жастағы балалардың режимдік процестер мен ұйымдастырылған оқу қызметінен бос уақыттарының барлығы дербес іс-әрекетпен толықтырылуы қажет. Осы кезеңдегі дербес іс-әрекет әртүрлі болуы мүмкін.Олар: сюжетті-рөлдік, дидактикалық, құрылыс ойындары, қимылдар, бақылаулар, кітаптармен суреттер қарау, танымдық әрекеттер, бейнелеу өнері, өзіне-өзі қызмет ету элементтері,ересектердің тапсырмаларын орындау. Мақсатқа бағытталып ұйымдастырылған пәндік-дамытушы орта баланың үйлесімді дамуы мен тәрбиеленуінде маңызды рөл атқарады,-дейді.

**Сөйледі:**

**С.Агыбаева:**Кітап, шынығу орта дайындауда ата-аналармен қандай жұмыстар жүргізіп отырсыз?

**Ж.Секербекова, Г.Мусабекова :**Ата-аналар жиналысында бірлескен Кітап, шынығу орталығының балалардың дамуына пайдасы туралы айтып, тренинг өткізілді. Содан кейін ата-аналардың қызығушылығы оянып, өздері түрлі кітаптар, шынығуға арналған құралдар алып келе бастады. Қазір орталықтарды толықтырып жатырмыз.

«Кітап» бұрышы, «Денсаулық» бұрышы, дидактикалық ойындар орталықтары жасақталған.

**Шешім:**барлық топтарда шынығу орталығы және кітап орталығын толықтыру жұмыстары жүргізілсін.

**5. Тақырыпты бақылау:** Жеке даму жұмысын жүргізудің қорытындысы

**Сөйледі:** Әдіскер С.К.Агыбаева . Оқу жылының басында бір рет баланың оқу жылына арналған жеке даму картасын әзірленеді және диагностиканың (бастапқы, аралық, қорытынды бақылау) нәтижелері бойынша жеке даму картасына өзгерістер енгізіледі.

Топтың мониторингімен алынған деректер негізінде оқу жылына Баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке дамыту картасын толтыру кезінде педагог кестеге дамытушы немесе түзету шараларын, қажет болған жағдайда бақылау нәтижелері бойынша іс-шаралардың екі түрін енгізеді Бастапқы бақылау нәтижесіндегі шаралар (дамытушы, түзету) қазан-желтоқсан, аралық бақылау нәтижесіндегі шаралар ақпан-сәуір, қорытынды бақылау нәтижесіндегі шаралар маусым-шілде айларында жүргізіледі. Қорытындыға Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген күтілетін нәтижелерге сәйкес баланың даму деңгейі жазылады.

Жеке картаны жас тобында жұмыс істейтін басқа педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысымен, музыка

жетекшісімен) бірлесіп топ тәрбиешісі және мектепалды топ тәрбиешісі дербес толтырады. Желтоқсан айына дейін балалардың жеке даму картасы әр топта , әр балаға толтырылған. Жеке даму картасы бойынша түзету-шарасы күннің екінші жартысында жүргізіледі. Күнделікті әр топтата үш – төрт баланы түзету мақсатында ойындар жүргізіледі. Мектепалды тобында көбіне дыбыстық талдау жеке жүргізіледі, мысалы «Сөзде қанша дыбыс бар?», «Дауысты, дауыссыз дыбысты тап», «Буынға бөл» т.с.с ойындар циклограммада жекелентен балаларға жоспарланған, жүргізілген. Ересек топтарда қазақ қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуды, туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді, өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуды үйрету мақсатында «Менің отбасым», «Менің туған күнім», «Ауылда», «Қазақ үй» ойындарын үйымдастырып жоспарлаған, ойындар өткізген, жеке жұмысқа арналған ойынның құралдары бар. Кіші топтарда сенсорикаға көп мән берілген , «Түсін тап», «Өз үйіңді тап», «Түсіне қарай жүгір», «Алдында, артында» ойындары, түзету іс-шаралары циклограммада екі-үш балаға жеке жоспарланған, өткізілетін ойындардың көрнекіліктері мен ойыншықтар жеткіліксіз.

**Шешім:** Жеке даму карталары бойынша түзету іс-шаралары дер кезінде жүргізілсін

**6.Тақырыпты бақылау:** Коммуникативті дағдыларды дамыту бойынша атқарылған жұмыстар

**Сөйледі:** әдіскер С.К.Атыбаева оқу жұмысын жоспарлы және тиімді жүргізу үшін балалардың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін, олардың зейін, қабылдау, ес, ойлау, қиял ерекшеліктерін, сезім, ерік жақтары мен қабілет, темперамент, мінез сияқты жеке қасиеттерін жақсы білу керек. Балалар суреттерді көргенде, әңгіме ертегі тыңдағанда зейінінің тұрақтылығы арта түседі. Бөбекжай-бақшада пайдаланылатын ойын элементтері, іс-әрекеттің нәтижелі түрлері, іс- әрекет формаларын жиі өзгерту- балалар зейінін тәрбиелеуге көмектеседі. Балалардың ес ерекшеліктері - логикалық сөздік байланыстардан гөрі көрнекі бейнелердің басым болуы. Сөздік материалды олар механикалық түрде,мағынасына түсінбестен жаттап алады. Тәрбиеші бұл ерекшелікке де көңіл аударуы тиіс.

Коммуникативті дағдыларды дамыту бойынша балалар әрекетінің әртүрлі нысандары мен түрлерінде ауызша және байланыстырып сөйлеуді, шығармашылық сөйлеу әрекетін дамытуды; тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеуді; белсенді сөздікті байытуды, тілдің грамматикалық жағын қалыптастыруды, балалар әдебиетімен таныстықты дамытуды, мәнерлеп оқуды және мазмұндауы дамиды.

Коммуникативті дағдыларды дамыту мазмұны ересектермен және балалармен еркін араласу дағдыларын дамытуға, зейінділікке, сөйлеуге, балалар әдебиетіне қызықтыруға бағытталған.
Коммуникативті дағдыларды дамыту бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:

- сөйлеуді дамыту;
- көркем әдебиет;
- сауат ашу негіздері;
- қазақ тілі

Коммуникативті дағдыларды дамыту бойынша бөбекжай-бақшадағы кіші топ балалары тілдегі дыбыстар мен сөздерді айта алады, дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстай алады; адамның дене мүшелерін (қол, аяқ, бас), тұрмыстық және ойын әрекетін (кидіру, тамақтану), әртүрлі өлшемді (үлкен, кіші) білдіретін сөздерді түсінеді; зат есімдерді, есімдіктерді етістікпен байланыстыра алады; берілген сұрақтарды түсінеді және тыңдайды, оларға жауап береді; жақсы таныс ертегілердің үзінділерін есте сақтайды. Көркем әдебиетте тыңдалым және айтылым дағдыларын игерген; қысқа тақпақтарды, өлеңдерді жатқа біледі; шығармалардың мазмұнына эмоционалды көңіл-күй таныта біледі; жақсы таныс шығармаларды көрнекі құралдарсыз тыңдайды; кейіпкерлердің бейнелерін ойындарда қарапайым түрде бейнелей алады.

Ортаңғы топ балалары дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтады; дұрыс сөйлеу қарқынына ие; қоршаған ортаға қатысты түрлі сұрақтарға жауап береді; барлық сөз таптарын қолданады; қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады; сөздерді жекеше, көпше түрде және септік жалғауларын қолданады. Көркем әдебиетте әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді; бейнелі сөздерді қолданады; таныс ертегілерді сахналауға қатысады; әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлілігін сақтайды; сюжетті эмоционалды қабылдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады; тақпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп оқиды.

Ересек топ балалары құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасқа түсе алады, олардың өтініштерін орындайды; сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі), сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, қосымшаларды қолданады; адамдардың мамандықтарын, олардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді біледі, тұрмыстық заттар және қоршаған табиғат заттарының мәнін түсінеді; себеп-салдарлық байланыстарды орната біледі; жалпы мағыналас сөздерді (көлік, өсімдіктер, киім) қолданады; сан есімдерді ретімен атайды, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде байланыстырады; отбасы, отбасындағы тұрмыс, халықтық дәстүрлер, қаласы (ауылы) туралы айтып бере алады; үлгі бойынша әңгіме құрастыра алады; шағын әңгімелер мен ертегілерді мазмұндайды. Көркем әдебиетте көркем

шығармаларды эмоционалды қабылдай біледі; таныс ертегілердің мазмұнын айтып береді; өзіне ұнайтын бірнеше шығармаларды атайды; әдеби кейіпкерлердің қылықтарын бағалай алады; оқиғаларды ойдан құрастырады; таныс шығармалардан үзінділерді сахналайды.

Мектепалды топ балалары ана тіліндегі барлық дыбыстарды айта алады: дыбыстарды анық айтуды, интонацияны игерген; сөздерге дыбыстық талдау жасайды; атуан түрлі заттарды жалпылайды және сипаттайды; қоршаған орта туралы түсінігі бар; негізгі ойды дұрыс жеткізе алады; әңгімелерді бірізді айтып береді; әңгіменің жалғасы мен соңын құрастырады. Көркем әдебиетте баяндау сипатын сезініп, шығармалардың мазмұнын эмоциялы қабылдай алады; әдеби жанрларды ажыратады; өлеңді мәнерлеп жатқа оқиды. мазмұнның жүйесін сақтай отырып, таныс шығармаларды айтып бере алады; әңгіменің соңын ойдан шығарады; кітаптарға қызығушылық танытады. Сауат ашу негіздерінде қатаң және ұян дауыссыздарды ажыратады; үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды; түрлі сызықтар, штрихтар жүргізеді.

7. **Тыңдалды:** «Аралық мониторинг жүргізудің қорытындысы»талдау

**Сөйледі:** Әдіскер С.Агыбаева. Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Индикаторлар – білім беру салалары бойынша баланың жасына сәйкес күтілетін нәтижелерге жету көрсеткіштері. Күтілетін нәтижелер баланың әр жас топтарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған. Баланың күтілетін нәтижелерге жетуі педагогтың баланың дамуын үнемі бақылауы және диагностика арқылы іске асырылады. Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылады. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Мониторингтің субъектісі мектеп жасына дейінгі 2 жастан 5 жас аралығындағы балалар. Мониторингтің объектісі балалардың жас ерекшелігіне сәйкес олардың физикалық, зияткерлік және жеке қасиеттері.

Балалардың дамуына мониторинг жүргізуде педагог:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын;

Бақылау парақтары мен Баланың жеке даму картасын толтыру тәртіптерін білуі;

- мектепке дейінгі педагогика мен психология негіздерін;
- диагностика жүргізу әдістері: бақылау, ойын жағдаяттарын құру, ойын, әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, бейнелеу әрекеті нәтижелерін зерттеу;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын игеру деңгейін есептеу әдістерін;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеруі қажет.

Мониторинг мектепке дейінгі ұйымдардағы және мектепалды топтарындағы балаларға жүргізіледі. Мониторингтің критерийлері (өлшемшарттары) балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін;

**Шешім:** Аралық мониторинг жүргізудің қорытындысын анықтау.

**8. Тыңдалды:** Көктем аналарға арналған ертеңгіліктер сценарилерін талқылау және бекіту. №4 педагогикалық кеңеске тақырып бойынша қажетті материалдар әзірлеу.

**Сөйледі:** Әдіскер С.Агыбаева алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Наурыз айында ата-аналарға көктем мезгіліне байланысты берілетін кеңестер ата-аналар бұрышына уақытылы ілініп, мәліметтер берілуін және наурыз айында ұйымдастырылған іс-әрекеттер уақытылы өтілуін, балаларға жол ережесін үйрету, балалармен өтетін спорттық сайысына тыңғылықты дайындалуларын, балабақша мен мектеп сабақтастығы, әрбір өткізген шараларының есебін уақытылы тапсырып отыруларын айтты. Алда келе жатқан көктемгі аналарге арналған ертеңгілік сценарилерін алып, оларды талқылауға ұсынды. Сонымен қатар №4 педагогикалық кеңесті әзірлеуді ұйымдастыру.

**Әдістемелік кеңес төрайымы:** **Р.О.Шамшиева**

**Хатшы**: **Г.Б.Жұмабекова**

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «БАЛАПАН» БӨБЕКЖАЙ - БАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ**

**Әдістемелік кеңес**
**Хаттама №3**
**22.05.2026 ж**

**Қатысқаны: 18** **Себепті: -1**
**Қатыспағаны: -** **Себепсіз:-**

**Тақырыбы:** Жылдық оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы
**Өткізу түрі:** әдістемелік диалог

**Күн тәртібінде:**
1.№2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы әдіскер

2. «Күн тәртібінің орындалуы
Мәдени-гигиеналық машықтарын қалыптастыру» әдіскер,шығармашылық топ
3. Балалардың мектепке оқуға дайындығы психолог С.О.Сулейменова

4.Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде марапаттауға ұсынатын педагогтар кандидатурасын қарау

Тыңдалды:
Тақырыбы: №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы
Сөйледі: Әдіскер С.К. Агыбаева.
Бөбекжай-бақшада тәрбиеленушілердің эмоционалдық және физикалық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын , балалардың әрекет түрлерін және бірге әрекет етуге арналған дамытушы орта жасақталған. Негізгі міндетті орындаған педагог енді келесі бір негізгі міндетті-балалардың бойында жақын білуге деген ынта тудырып, оларды өзара табыстыру арқылы жолдастық қарым-қатынас жасау міндетін алға қояды.
Ал бөбекжай бақшаның негізгі жұмыстары ол күн тәртібі және циклограммаға негізделеді. Тәрбиешілерге күн тәртібі бойынша жұмыс жасау керек екендігін қадап айтты.
Шешім: Күн тәртібі қатаң сақталсын.
2.Тыңдалды: Тақырыбы: «Күн тәртібінің орындалуы
Мәдени-гигиеналық машықтарын қалыптастыру»

Сөйледі: Әдіскер С.Агыбаева Отбасындағы бала тәрбиесінің дұрыс болуы, ондағы ересектер әрекетін бірлігі мен ынтымақтастығына тікелей байланысты болады.

Бұл өз кезегінде отбасындағы тәрбиелеу және білім беру жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл бала дұрыс өсіп-жетілу үшін жағымды гигиеналық жағдай, әр түрлі іс-әрекет түрлерін және бос уақытын, демалуын және т.б. ойластыруды керектеді. Демек, бұл қандай жаста болмасын баланың бір күндік күн тәртібін дұрыс ұйымдастырудың аса мәнді екендігін дәлелдейді. Сондықтан, «күн тәртібінің» дұрыс ұйымдастырылуы баланың жан-жақты дамуы үшін аса қажетті тәрбиелеу – білім беруші іс-шаралар жүйесі ретінде күн тәртібін жүзеге асырудың шарты болмақ.

Дұрыс құрылған күн тәртібі дегеніміз күн барысындағы сергу мен ұйқының үйлесуі, іс-әрекеттің әр түрінің және сергу процесіндегі демалыстың мақсатқа сәйкес тиімді алмасуы, яғни:

1) отбасында еңбектің ұйымдастырылу уақыты мен олардың демалыспен сәйкес келуі;

2) уақытында дұрыс тамақтану;

3) ұйқының қануы;

4) таза ауада жеткілікті серуендеу.

Күн тәртібінің маңыздылығы мен қажеттігі мынада, ол дененің ішкі мүшелері мен организмнің физиологиялық жүйелерінің дұрыс қалыптасуын және баланың сергектігін қамтамасыз етеді, жүйке жүйесін артық шаршаудан қорғайды, өз уақытында дұрыс дамуы үшін жағымды жағдай орнатады, жағымсыз факторлардың әсеріне қарсы тұру, жаңа жағдайларға бейімделе білу қабілетін қалыптастырады.

*Балалардың уақыты мен ұйқысын ұйымдастыру*

Бақылау барысында балалар белсенді қимылдайды, 5-6 сағатқа дейін үзіліссіз әрекет ету қабілеті бар. Баланың белсенді әрекет етуі көпшілік жағдайда оның жұмысқа қабілеттілігіне, көңіл-күйіне, ұйқысының дұрыс болуына байланысты.

Балалар ойыны сипаты мен мазмұны жағынан әр түрлі болуы қарастырылған: сюжетті-рөлдік, дидактикалық, қимыл-қозғалыс, спорттық, ұлттық. Баланың жан-жақты дамуында ойынның маңызды рөл атқаратын ескеріп, оған міндетті түрде басшылық жасалады.

*Балалардың тамақтануы*

Балабақшада уақытында, мөлшерімен, 3 рет тамақтануды ұйымдастырылған. Баланың үйлесімді дамуы және зат алмасуы қалыпты жүруі үшін тамақтың құрамында организмді энергиямен толықтырушы қажетті элементтер болып саналатын көмір, май, белоктардың жеткілікті болуына назар аударылады. Ас мәзірін әзірлегенде ұннан, тарыдан, көкөністен істелетін тағамдардың үйлесіп келуіне мән берілген. Бала тағамының құрамында сүттен даярланатын тағамдардың болуы міндетті (қаймақ, ірімшік, айран т.б.)

*Серуен*

Таза ауада болу – баланың денсаулығын нығайтады және организмді шынықтырады, танымдық мүмкіндіктері мен қимыл-қозғалыстарын белсендіреді.

Бала күнделікті қандай болмасын ауа райында 4-5 сағат серуендейді. Жыл мезгілі ауысуына байланысты серуен уақытының өзгеріп отыруы да мүмкін.

Дұрыс ұйымдастырылған серуен – қимыл-қозғалыс және спорттық ойындарды, дене жаттығуларын қолдануды, бақылау, еңбек, өздігінен іс-әрекетпен айналысу және т.б. көрсетеді.

Баланы әр серуеннен оралған соң өздігінен шешініп, жуынып-шайынуға үйренген..

*Ұйқы*

Ұйқы - бұл адам организмінің қажеттілігі. Оны толық қанағаттандыру адамға жақсы көңіл-күй және күш береді.

Мектеп жасына дейінгі баланың ұйқысының дұрыс болуы, оның нақты денсаулығы мен дұрыс дамуының негізі болмақ. Бала күніне 11-12 сағат ұйықтайды. Ал күндізгі ұйқының ұзақтығы баланың жасына байланысты 2-2,5 сағатқа созылуы мүмкін. Бала төсегінің, жастығының, ұйықтағанда киетін киімінде өзіне шақ болғаны жөн.

Күн тәртібінің баланы дамыту мен тәрбиелеудегі орны.

Баланың дұрыс дамып өсуінің, тәрбиеленуінің негізі – күн тәртібі.

Күн тәртібі дегеніміз – баланың күнделікті қайталанып отыратын іс-әрекетінің, тынығатын кезеңдерінің нақты, белгілі бір жүйемен ауысып келуін көздейтін, тиімділігі ғылыми негізделген, үйреншікті өмір тәртібі. Баланың дұрыс өсуіне жағдай жасау үшін күн тәртібі жас шамасына, психофизиологиялық ерекшеліктеріне, денсаулығына, ата-ананың жұмыс істеу уақытына байланысты құрылады. «Балабақшада оқыту және тәрбиелеу бағдарламасында» жас шамасына қарай құрылған әрбір топтың күн тәртібі белгіленген, әр кезеңге лайықты іс-әрекеттің түрлері, дене, ақыл-ой күшіне сай сергектігі, таза ауада болуы, демалысы, тамағы, ойыны, қимылы нақты анықталған.

Барлық мектеп жасына дейінгі топтағы балалардың демалысы мен іс-әрекетінің түрлері ортақ, тек жылдан жылға олардың мазмұны күрделеніп, тапсырма көлемі артады, ұйқысы мен сергектігінің ұзақтығы өзгереді.

3. Тыңдалды: Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде марапаттауға ұсынатын педагогтар кандидатурасын қарау

Сөйледі: Г.Жұмабекова 2025-2026 оқу жылында әртүрлі байқауларға қатысып , аудандық семинарда шығармашылығымен өздерін жан-жақты көрсете білген педагогтарды атап оларды, жаңа оқу жылында мұғалімдер күні қарсаңында марапаттауға ұсынды.

4. Тыңдалды: Тақырыбы: Балалардың мектепте оқуға дайындығы.

Сөйледі: Педагог- психолог С.О.Сүлейменова мектепке бару - кез келген баланың өміріндегі маңызды бір сәт. Оның мектепке аяқ басқан алғашқы күндері қалай өтіп, мұғалімдермен, құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасы қалай қалыптасса, оның сабақ үлгерімі де, келешек әлеуметтік табыстары мен өзін-өзі көрсете білу қабілеті де көбіне-көп солай қалыптаспақ. Осыған

байланысты мектеп басшылары мен педагогтары алдында оқудың алғашқы кезеңін тиімді ұйымдастыру, білім ұясына жаңа келген баланың тез үйреніспп кетуіне жағдай жасау мәселесі алдыңғы кезекте турады..Бейімдеу кезеңінің қажеттігін түсінбеу бала жүйкесініңжұқаруына, көпшілігінің соматикалық ауруға ұшырауына, мінез-құлықтарында келеңсіз жәйттер - «мектеп стресінің» пайда болуына әкеліп соқтырады. Тіршілік режимінің қайта құрылуы мен қозғалыс белсенділігінің күрт шектелуі, балада жауапкершілік сезімдерінің, жаңа міндеттердің пайда болуы, тәртіпке қойылатын қатаң талаптар, әрі ұзақ әрі жүйелі түрде жүргізілетін сабақтар, күрделі оқу бағдарламасы, айтарлықғай статистикалық жүктемелер, күн режимінің тиімсіздігі, мектепке дейінгі ұйымда белгілі бір тәртіппен берілетін тағам түрлерінен бөлек әрі сапасы да бөлек ретсіз тамақтану, күндізгі ұйқыдан қағылу - осының бәрі оқудың алғашқы аптасында кездесетін қиындықтар. Мектеп табалдырығын жаңадан аттаған балалардың жақсы оқып кетуі үшін қажетті алғышарттар жасалуы тиіс. Балалардың айнала қоршаған орта жөнінде,жануарлар мен өсімдіктер әлемі туралы, адамдар жайлы элементарлық, бірақ жеткілікті дәрежеде таным-түсініктері болуы; эстетикалық және адамгершілікі тәрбиенің бірқатар элементтері, атап айтқанда: мейірімділік пен зұлымдық, шындық пен өтірік туралы ұғымдары қалыптасқан болуы тиіс. Бұл міндеттер үйде және мектепке дейінгі сыныптарда, жексенбілік мектептердің «әзірлік топтарында», даму орталықтарында т. б. орындарда өз шешімін табуға тиісті. Мұнымен қатар мектепке даярлық тек интеллектуалдық дамумен ғана шек- телмейді. Зерттеулер көрсетіп отырғандай, туындайтын қиындықтардың негізгі бөлігі мектепке біржақты, тек интеллектуалдық даярлаудан келіп шығады. Баланы тұлғалық тұрғыдан да, психикалық тұрғыдан да, физикалық тұрғыдан да дамыту қажет. Бұл компоненттердің бірі жетілмеген болса, проблемаға әкеліп соқтырады,-деді. Сонымен қатар тәрбиешілерге ата- аналарға арналған бірқатар кеңестермен таныстырды.

Ата-аналарға кеңес.

Баланың оқуға психологиялық даярлығы - оқу әрекетін меңгеруінің алғыш арттарының бірі. Оқу қызметін табысты меңгеруіне мына төмендегі алғы шарттар септігін тигізеді. Оқудың әлеуметтік және танымдықәрекеті.Үлгі бойынша жұмыс жасай білу. Ересектердің нұсқауын тыңдап орындай білу. Баланың алған білімін қорытындылай білу.

**Әдістемелік кеңес төрағасы:** **Р.О.Шамшиева**

**Хатшы:** **Г.Б.Жұмабекова**